6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі;

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 041609, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесағаш ауылы, Райымбек батыр көшесі, 283а - үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Департаменттің негізгі мақсаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеті:

табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ бағаларды мемлекеттік реттеуді және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібі мен міндеттерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қатысу.

14. Функциялары:

1) аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу,

жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарда мемлекеттік реттеу және бақылау;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне табиғи монополиялар салаларының жай-күйі туралы, бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға дайындауға қатысу;

3) Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімін қалыптастыру және жүргізу;

4) Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын әзірлеуге қатысу;

5) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеуге қатысу;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгі шарттарын әзірлеуге қатысу;

7) өтінімді қарауға қабылдау не оны қабылдаудан бас тарту;

8) бұқаралық ақпарат құралдарында жария тыңдаулардың өткізілетін күні мен орны туралы хабарландыру жариялай отырып, өткізу;

9) "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда тарифті бекіту және оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бекітілген тарифті өзгерту;

10) қуаты аз табиғи монополия субъектісінің тарифін индекстеу деңгейін айқындау;

11) тарифтік сметаны бекіту және өзі бекіткен тарифтік сметаға өзгерістер енгізу;

12) жергілікті атқарушы органмен бірлесіп табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне қосылған табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасына өзгерістер енгізу және бекіту;

13) уақытша өтемдік тарифті бекіту;

14) табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-әрекеттер жасауына келісім беру, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінен "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама қабылдау;

"14-1) өз құзыреті шегінде лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне лицензия беруге байланысты қызметті жүзеге асыру және лицензиаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

15) тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін әзірлеуге қатысу;

16) табиғи монополиялар субъектілері қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін әзірлеуге қатысу;

17) табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама енгізу;

18) табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы және сенімділігі көрсеткіштерінің сақтауы туралы, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептеріне талдау жүргізу;

19) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының жобасын келісу, оларға тарифті қалыптастыру бөлігінде өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

20) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органдардан өтеусіз пайдалануға алған кезде оны, оның ішінде басқа энергия беруші ұйымдардан электр желілерін балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға қабылдаған жағдайда тарифті көтермей, бекітілген тарифтік сметаға өзгеріс енгізу;

21) уақытша төмендету коэффициентін бекіту;

22) табиғи монополиялар салалары бойынша бес жылдық кезеңге арналған тарифтің болжамды индексін айқындау;

23) есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемақы мөлшерін бекіту;

24) табиғи монополия саласын тарифтік реттеу әдісін айқындау;

25) реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеуге қатысу;

26) тарифтер тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып бекітілетін табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін әзірлеуге қатысу;

27) табиғи монополиялар субъектілерімен бірлесіп кемінде айына бір рет тұтынушыларды қабылдауды жүргізу;

28) жергілікті атқарушы органдармен есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормасын келісу;

29) құрылыс объектілерін қабылдау және пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, есепке алу аспаптарын сатып алу және орнату үшін ақы алу мөлшерін табиғи монополия субъектісіне көзделген тәртіппен келісу;

30) энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

31) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

32) табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік бақылауды және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерін сақтауын

мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде өз құзыреті шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

33) Комитет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

34) қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің бағаларын мониторинглеуді жүзеге асыру;

35) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестікті шартының, концессия шартының негізінде тарифті айқындау;

36) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуін анықтау;

37) қосалқы (шунттаушы) электр беру желілері мен кіші станцияларды жобалау мен салуды, меншік нысанына қарамастан электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін сатып алуды-сатуды, жалға немесе сенімгерлікпен басқаруға беруді келісуге қатысу;

38) тұтынушылардан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектілері белгілеген техникалық талаптарды сақтауын талап ету;

39) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісіне Кодексте міндеттемелерді олардың орындауы туралы орындалуға міндетті енгізу;

40) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі ұйғарымды орындамаған жағдайда, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісін ұйғарымда көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы талап-арызды сотқа ұсыну;

41) өз құзыретінің шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану, сондай-ақ сотқа қатысу;

42) табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

43) Кодексте белгіленген тәртіппен тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар мен тарифтерді реттеу;

44) қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды келісу;

45) қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын әзірлеуге қатысу;

46) Кодексте белгіленген тәртіппен қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды төмендету;

47) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу туралы өтініш жасау;

48) өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

49) Комитеттің құзыреті шегінде, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру және орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;

50) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтары туралы актілерді қабылдау;

51) реттелетін саладағы мәселелер бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге, бюджетті, бухгалтерлік есепті және мемлекеттік сатып алуды жоспарлауға және орындауға қатысу;

52) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

53) тексеру парақтарын әзірлеуге қатысу;

54) табиғи монополиялар субъектілерінің, қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері және оның тұтынушыларының өтініштерін қарау; 54-1) өтініш берушілер көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

55) "Монополист" базасы сервистік бағдарламалық өнім арқылы шығындары монополиялар субъектілерінің, мемлекеттік монополия субъектілерінің және қоғамдық маңызы бар нарықтардың қызметтеріне бағаларды қалыптастыру кезінде ескерілетін сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің тізбесі бойынша барлық ақпаратты қабылдауды, беруді, сақтауды автоматтандыру, сондай-ақ ашықтықты және қол жетімділікті қамтамасыз ету".

"55-1) мемлекеттік қызметке кіру, мемлекеттік қызметті өткеру және тоқтату, қызметтік тексерістерді жүргізу, әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау, аттестаттау және оқыту жүргізу, оның ішінде мемлекеттік қызмет персоналы бойынша бірыңғай автоматтандырылған дерекқорда (ақпараттық жүйеде) рәсімдерін сақтауды қамтамасыз ету;

55-2) Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеуді, оны уәкілетті тұлғаға бекітуге енгізу бойынша жалпы үйлестіруді қамтамасыз етеді және мемлекеттік әкімшілік қызметшіні оның лауазымдық нұсқаулығымен, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулыққа енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен таныстыруды жүзеге асырады;

55-3) кадрларды іріктеуді ұйымдастыру, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті өткеруіне байланысты құжаттарды ресімдеу, мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерін есепке алуды жүзеге асыру, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалауды жүргізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады;

55-4) табиғи монополия субъектілерінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзудың анықталған белгілері туралы ақпаратты немесе материалдарды хабарлауды және уәкілетті органдарға ұсынуды жүзеге асыру;

55-5) табиғи монополиялар субъектілерінің республикалық тізіліміне енгізілген Комитет өкілеттік берген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу және бақылау жөніндегі өкілеттер мен функцияларды жүзеге асыру;

55-6) бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге техникалық сараптама жүргізетін уәкілетті тұлғалардың (сарапшылар, сараптау ұйымдары) тізімін (тіркелімін) жүргізу;

56) Қазақстан Республикасының өзге заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде құқықтық актілерді шығару;

2) жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратады және алады;

3) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөніндегі ұсыныстар енгізу;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс-шаралар өткізу;

5) өз құзыретінің шегінде сотқа шағымдану;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының орынбасары болады, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Басшының өкілеттіктері:

1) бұйрықтар шығарады, нұсқамалар енгізеді және қаулылар шығарады;

2) құрылымдық бөлімшелердің ережелерін бекітеді;

3) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін айқындайды;

4) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаментті танытады;

6) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

7) басқа лауазымды адамға қол қою құқығын берместен, лицензиялауға байланысты барлық құжаттарға қол қояды. Ол болмаған жағдайда, көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы Департамент басшысының міндетін атқарушыға жүктеледі;

8) Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9) Департаменттің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Басшы болмаған жағдайда оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Департаменттің мүлкі

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздерден сатып алған өзге де мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) есебінен қалыптасады.

22. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңмен өзгеше белгіленбесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Табиғи
монополияларды реттеу
комитетінің төрағасы міндетін
атқарушының бұйрығына
7-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті туралы ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) мынадай заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық, рұқсат ету және бақылау функцияларын, аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу, жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарда мемлекеттік реттеу және бақылау, сондай-ақ энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртабандары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға Департаменттің құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі;

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 060009, Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Б. Кулманов көшесі, 156 "А".

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Департаменттің негізгі мақсаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеті:

табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ бағаларды мемлекеттік реттеуді және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібі мен міндеттерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қатысу.

14. Функциялары:

1) аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүлдіктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу, жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарда мемлекеттік реттеу және бақылау;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне табиғи монополиялар салаларының жай-күйі туралы, бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға дайындауға қатысу;

3) Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімін қалыптастыру және жүргізу;

4) Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын әзірлеуге қатысу;

5) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеуге қатысу;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгі шарттарын әзірлеуге қатысу;

7) өтінімді қарауға қабылдау не оны қабылдаудан бас тарту;

8) бұқаралық ақпарат құралдарында жария тыңдаулардың өткізілетін күні мен орны туралы хабарландыру жариялай отырып, өткізу;

9) "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда тарифті бекіту және оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бекітілген тарифті өзгерту;

10) қуаты аз табиғи монополия субъектісінің тарифін индекстеу деңгейін айқындау;

11) тарифтік сметаны бекіту және өзі бекіткен тарифтік сметаға өзгерістер енгізу;

12) жергілікті атқарушы органмен бірлесіп табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне қосылған табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасына өзгерістер енгізу және бекіту;

13) уақытша өтемдік тарифті бекіту;

14) табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-әрекеттер жасауына келісім беру, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінен "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама қабылдау;

"14-1) өз құзыреті шегінде лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне лицензия беруге байланысты қызметті жүзеге асыру және лицензиаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

15) тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін әзірлеуге қатысу;

16) табиғи монополиялар субъектілері қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін әзірлеуге қатысу;

17) табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама енгізу;

18) табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы және сенімділігі көрсеткіштерінің сақтауы туралы, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептеріне талдау жүргізу;

19) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының жобасын келісу, оларға тарифті қалыптастыру бөлігінде өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

20) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органдардан өтеусіз пайдалануға алған кезде оны, оның ішінде басқа энергия беруші ұйымдардан электр желілерін балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға қабылдаған жағдайда тарифті көтермей, бекітілген тарифтік сметаға өзгеріс енгізу;

21) уақытша төмендету коэффициентін бекіту;

22) табиғи монополиялар салалары бойынша бес жылдық кезеңге арналған тарифтің болжамды индексін айқындау;

- 23) есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемақы мөлшерін бекіту;
- 24) табиғи монополия саласын тарифтік реттеу әдісін айқындау;
- 25) реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеуге қатысу;
- 26) тарифтер тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып бекітілетін табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін әзірлеуге қатысу;
- 27) табиғи монополиялар субъектілерімен бірлесіп кемінде айына бір рет тұтынушыларды қабылдауды жүргізу;
- 28) жергілікті атқарушы органдармен есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормасын келісу;
- 29) құрылыс объектілерін қабылдау және пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, есепке алу аспаптарын сатып алу және орнату үшін ақы алу мөлшерін табиғи монополия субъектісіне көзделген тәртіппен келісу;
- 30) энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 31) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 32) табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік бақылауды және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерін сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде өз құзыреті шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау;
- 33) Комитет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;
- 34) қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің бағаларын мониторинглеуді жүзеге асыру;
- 35) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестікті шартының, концессия шартының негізінде тарифті айқындау;
- 36) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуін анықтау;
- 37) қосалқы (шунттаушы) электр беру желілері мен кіші станцияларды жобалау мен салуды, меншік нысанына қарамастан электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін сатып алуды-сатуды, жалға немесе сенімгерлікпен басқаруға беруді келісуге қатысу;
- 38) тұтынушылардан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектілері белгілеген техникалық талаптарды сақтауын талап ету;

- 39) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісіне Кодексте міндеттемелерді олардың орындауы туралы орындалуға міндетті енгізу;
- 40) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі ұйғарымды орындамаған жағдайда, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісін ұйғарымда көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы талап-арызды сотқа ұсыну;
- 41) өз құзыретінің шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану, сондай-ақ сотқа қатысу;
- 42) табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 43) Кодексте белгіленген тәртіппен тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар мен тарифтерді реттеу;
- 44) қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды келісу;
- 45) қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын әзірлеуге қатысу;
- 46) Кодексте белгіленген тәртіппен қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды төмендету;
- 47) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу туралы өтініш жасау;
- 48) өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;
- 49) Комитеттің құзыреті шегінде, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру және орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;
- 50) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтары туралы актілерді қабылдау;
- 51) реттелетін саладағы мәселелер бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге, бюджетті, бухгалтерлік есепті және мемлекеттік сатып алуды жоспарлауға және орындауға қатысу;
- 52) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 53) тексеру парақтарын әзірлеуге қатысу;
- 54) табиғи монополиялар субъектілерінің, қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері және оның тұтынушыларының өтініштерін қарау; 54-1) өтініш берушілер көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;
- 55) "Монополист" базасы сервистік бағдарламалық өнім арқылы шығындары монополиялар субъектілерінің, мемлекеттік монополия субъектілерінің және қоғамдық маңызы бар нарықтардың қызметтеріне бағаларды қалыптастыру кезінде ескерілетін сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің тізбесі бойынша барлық ақпаратты

қабылдауды, беруді, сақтауды автоматтандыру, сондай-ақ ашықтықты және қол жетімділікті қамтамасыз ету".

"55-1) мемлекеттік қызметке кіру, мемлекеттік қызметті өткеру және тоқтату, қызметтік тексерістерді жүргізу, әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау, аттестаттау және оқыту жүргізу, оның ішінде мемлекеттік қызмет персоналы бойынша бірыңғай автоматтандырылған дерекқорда (ақпараттық жүйеде) рәсімдерін сақтауды қамтамасыз ету;

55-2) Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеуді, оны уәкілетті тұлғаға бекітуге енгізу бойынша жалпы үйлестіруді қамтамасыз етеді және мемлекеттік әкімшілік қызметшіні оның лауазымдық нұсқаулығымен, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулыққа енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен таныстыруды жүзеге асырады;

55-3) кадрларды іріктеуді ұйымдастыру, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті өткеруіне байланысты құжаттарды ресімдеу, мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерін есепке алуды жүзеге асыру, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалауды жүргізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады;

55-4) табиғи монополия субъектілерінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзудың анықталған белгілері туралы ақпаратты немесе материалдарды хабарлауды және уәкілетті органдарға ұсынуды жүзеге асыру;

55-5) табиғи монополиялар субъектілерінің республикалық тізіліміне енгізілген Комитет өкілеттік берген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу және бақылау жөніндегі өкілеттер мен функцияларды жүзеге асыру;

55-6) бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге техникалық сараптама жүргізетін уәкілетті тұлғалардың (сарапшылар, сараптау ұйымдары) тізімін (тіркелімін) жүргізу;

56) Қазақстан Республикасының өзге заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде құқықтық актілерді шығару;

2) жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратады және алады;

3) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөніндегі ұсыныстар енгізу;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс-шаралар өткізу;

5) өз құзыретінің шегінде сотқа шағымдану;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының орынбасары болады, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Басшының өкілеттіктері:

1) бұйрықтар шығарады, нұсқамалар енгізеді және қаулылар шығарады;

2) құрылымдық бөлімшелердің ережелерін бекітеді;

3) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін айқындайды;

4) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаментті танытады;

6) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

7) басқа лауазымды адамға қол қою құқығын берместен, лицензиялауға байланысты барлық құжаттарға қол қояды. Ол болмаған жағдайда, көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы Департамент басшысының міндетін атқарушыға жүктеледі;

8) Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9) Департаменттің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Басшы болмаған жағдайда оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Департаменттің мүлкі

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздерден сатып алған өзге де мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) есебінен қалыптасады.

22. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңмен өзгеше белгіленбесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Табиғи
монополияларды реттеу
комитетінің төрағасы міндетін
атқарушының бұйрығына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті туралы ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) мынадай заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық, рұқсат ету және бақылау функцияларын, аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу, жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарда мемлекеттік реттеу және бақылау, сондай-ақ энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртабандары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға Департаменттің құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі;

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 070000, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Бурова көшесі, 20 үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Департаменттің негізгі мақсаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеті:

табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ бағаларды мемлекеттік реттеуді және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібі мен міндеттерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қатысу.

14. Функциялары:

1) аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу,

жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарда мемлекеттік реттеу және бақылау;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне табиғи монополиялар салаларының жай-күйі туралы, бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға дайындауға қатысу;

3) Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімін қалыптастыру және жүргізу;

4) Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын әзірлеуге қатысу;

5) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеуге қатысу;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгі шарттарын әзірлеуге қатысу;

7) өтінімді қарауға қабылдау не оны қабылдаудан бас тарту;

8) бұқаралық ақпарат құралдарында жария тыңдаулардың өткізілетін күні мен орны туралы хабарландыру жариялай отырып, өткізу;

9) "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда тарифті бекіту және оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бекітілген тарифті өзгерту;

10) қуаты аз табиғи монополия субъектісінің тарифін индекстеу деңгейін айқындау;

11) тарифтік сметаны бекіту және өзі бекіткен тарифтік сметаға өзгерістер енгізу;

12) жергілікті атқарушы органмен бірлесіп табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне қосылған табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасына өзгерістер енгізу және бекіту;

13) уақытша өтемдік тарифті бекіту;

14) табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-әрекеттер жасауына келісім беру, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінен "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама қабылдау;

"14-1) өз құзыреті шегінде лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне лицензия беруге байланысты қызметті жүзеге асыру және лицензиаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

15) тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін әзірлеуге қатысу;

16) табиғи монополиялар субъектілері қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін әзірлеуге қатысу;

17) табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама енгізу;

18) табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы және сенімділігі көрсеткіштерінің сақтауы туралы, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептеріне талдау жүргізу;

19) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының жобасын келісу, оларға тарифті қалыптастыру бөлігінде өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

20) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органдардан өтеусіз пайдалануға алған кезде оны, оның ішінде басқа энергия беруші ұйымдардан электр желілерін балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға қабылдаған жағдайда тарифті көтермей, бекітілген тарифтік сметаға өзгеріс енгізу;

21) уақытша төмендету коэффициентін бекіту;

22) табиғи монополиялар салалары бойынша бес жылдық кезеңге арналған тарифтің болжамды индексін айқындау;

23) есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемақы мөлшерін бекіту;

24) табиғи монополия саласын тарифтік реттеу әдісін айқындау;

25) реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеуге қатысу;

26) тарифтер тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып бекітілетін табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін әзірлеуге қатысу;

27) табиғи монополиялар субъектілерімен бірлесіп кемінде айына бір рет тұтынушыларды қабылдауды жүргізу;

28) жергілікті атқарушы органдармен есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормасын келісу;

29) құрылыс объектілерін қабылдау және пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, есепке алу аспаптарын сатып алу және орнату үшін ақы алу мөлшерін табиғи монополия субъектісіне көзделген тәртіппен келісу;

30) энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

31) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

32) табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік бақылауды және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерін сақтауын

мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде өз құзыреті шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

33) Комитет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

34) қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің бағаларын мониторинглеуді жүзеге асыру;

35) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестікті шартының, концессия шартының негізінде тарифті айқындау;

36) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуін анықтау;

37) қосалқы (шунттаушы) электр беру желілері мен кіші станцияларды жобалау мен салуды, меншік нысанына қарамастан электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін сатып алуды-сатуды, жалға немесе сенімгерлікпен басқаруға беруді келісуге қатысу;

38) тұтынушылардан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектілері белгілеген техникалық талаптарды сақтауын талап ету;

39) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісіне Кодексте міндеттемелерді олардың орындауы туралы орындалуға міндетті енгізу;

40) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі ұйғарымды орындамаған жағдайда, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісін ұйғарымда көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы талап-арызды сотқа ұсыну;

41) өз құзыретінің шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану, сондай-ақ сотқа қатысу;

42) табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

43) Кодексте белгіленген тәртіппен тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар мен тарифтерді реттеу;

44) қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды келісу;

45) қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын әзірлеуге қатысу;

46) Кодексте белгіленген тәртіппен қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды төмендету;

47) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу туралы өтініш жасау;

48) өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

49) Комитеттің құзыреті шегінде, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру және орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;

50) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтары туралы актілерді қабылдау;

51) реттелетін саладағы мәселелер бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге, бюджетті, бухгалтерлік есепті және мемлекеттік сатып алуды жоспарлауға және орындауға қатысу;

52) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

53) тексеру парақтарын әзірлеуге қатысу;

54) табиғи монополиялар субъектілерінің, қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері және оның тұтынушыларының өтініштерін қарау; 54-1) өтініш берушілер көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

55) "Монополист" базасы сервистік бағдарламалық өнім арқылы шығындары монополиялар субъектілерінің, мемлекеттік монополия субъектілерінің және қоғамдық маңызы бар нарықтардың қызметтеріне бағаларды қалыптастыру кезінде ескерілетін сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің тізбесі бойынша барлық ақпаратты қабылдауды, беруді, сақтауды автоматтандыру, сондай-ақ ашықтықты және қол жетімділікті қамтамасыз ету".

